



Ауған соғысының қасіреті ұмытылмайды
2-бет



Қазақ хандығына 550 жыл
3-бет



Интернационалист-жауынгерлермен ерлік сабағы
4-бет

Аудан тынысы

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 15 (524) СЕЙСЕНБІ, 17 ақпан 2015 жыл

Денсаулық пен спорт фестивалі "ӘРҚАШАН МЫҚТЫ, САЛАУАТТЫ БОЛ!"

Бүгінде жасампаз жетістіктеріміздің бастауында тұрған Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігінің берік кепілі – Елбасымыздың салған қоғамдық келісім Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы. Осы мерекені жүзеге асыру аясында ақпан айының 14-ші жұлдызында аудан жұртшылығы Жаңа шүлбі ауылдық



округінде орналасқан ипподромда Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығына арналған спорттық фестивальде өз күштерін көрсетті. Осындай фестивальға 18-ауылдық (кенттік) округтің, дербес бөлімдердің командалары және спорт жанкүйерлері қатысты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың еліміздің



халқына Жолдауында экономикалық әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың мықты болуының қажеттілігін айтқан еді. Шынында да, үлкендер «Тазалық саулық негізі, саулық - байлық негізі» деп бекер айтпаса керек. Әсіресе жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру-біздің міндетіміз. Осы орайда бүгінгі салауатты өмір салтын қалыптастыру кешені бағдарламасы бойынша денсаулық күндері негізінде «Әрқашан мықты, салауатты бол!» атты ұранымен денсаулық фестивалі қызықты өтті. Аудандық спорт бөлімі мен басқада ұжымдардың ұйытқы болуымен бұл фестивальға ауданның барлық мекеме, ұжымдардан құралған бірнеше команда қатысып, ипподром алаңына 300-ге тарта адам жиналды.

Қыс айының осы бір шуақты күні спорт сүйер қауымның көңіл-күйлерін де көтеріп, командалардың түрлі спорттық ойын алаңдарында белсенділік танытуларына себеп болды. Онда шаңғы эстафетасы, шанамен сырғанау, ұзындыққа сырғанау, қаппен жүгіру, болса сол күні кәсіпкерлердің ұйымдастыруларымен мерекелік сауда-саттық орын алып концерттік бағдарламалар жиналғандарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

(Жалғасы 3-ші бетте)

ЕЛБАСЫ БАСЫМДЫҚ БЕРГЕН 15 МӘСЕЛЕ

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы барлық қазақстандықтарды «Қазақстанда жасалған» атты акцияны жүзеге асыруда отандық өнімдерге қолдау білдіруге шақырды. Елбасының бүгінгі жиында басымдық берген негізгі 15 мәселеге тоқталып өтейік.

1. "Нұрлы жол" бағдарламасы хақында
«Санамалап атап өткенімдей теріс тенденцияларды жұмсарту үшін өткен жылы көптеген шаралар атқарылды. «Нұрлы жол» бағдарламасы - бұл дағдарысқа қарсы шара. Мен дәл осы жылы қиындықтар болатындығын айтқанмын. Біз алдын орап, осы бағдарламаны қабылдадық. Ол қиын жағдайда экономикамыздың өсім және біздің азаматтарымыз үшін жұмыс орындарын құру нүктесі болып табылады».

2. Өнеркәсіпті қолдау туралы
«Бүгін мен Үкіметке «Нұрлы жол» бағдарламасын жаңа дағдарысқа қарсы шаралармен толықтыруды тапсырдым. Бұл - отандық машина жасау саласын, біздің экспорттаушылармызды қолдау, шағын және орта бизнес үшін инфрақұрылым жүргізу,

агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдауды ұлғайту, ішкі нарықты қорғау бойынша шаралар және басқалары».

3. Шығындарды қысқарту

«Үкіметке 2015 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарын 700 млрд. теңгеге немесе жалпы шығыс көлемінің 10 пайызына қысқартуды тапсырамын. Бұл ретте халық алдындағы мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерінің бір теңгесіне де тиіспеу қажет».

4. Халықтың әлеуметтік жағдайына қарасты

«Жұмыс адамы үшін ең бастысы - өзінің жұмыс орнын сақтау. Мен мұны бұрынғы жұмысшы ретінде айтып отырымын. Нәпақа табу үшін оны өзінің ерікті түрдегі келісімімен басқа жаққа жіберуге болады. Ондай жағдайда еш мәселе жоқ. Бірақ, мен барлық компаниялардың назарын аударғым келеді: егер өндірісті төмендетіп, адамдарды қысқартуға мәжбүр болсаңыздар, жұмыс орындарын сақтау қажет. Ол мүмкін басқа жұмыс істер. Адам үшін, оның отбасы үшін бұл барынша маңызды».

5. 12 жылдық білім беру жүйесі туралы

«Білім беру саласында «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыруды, орта білім беру жүйесінде жан басына қаржыландыруға көшуді, 12 жылдық мектепте білім беру моделіне кезең-кезеңімен көшуді жалғастыру қажет»

6. Жаңа индустрияландыру

Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылы Индустрияландыру картасы жобаларын жүзеге асырудың жалғасатынын айтты, оның аясында сомасы 600 миллиард теңгеден асатын, 7,5 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін 75-тей жобаны іске қосу жоспарланған.

7. Экономиканы қолдау

«Біз дағдарысты заманауи инфрақұрылым қалыптастыруға, миллиардтаған активтерді енгізуге пайдаланамыз. Мемлекет барлық қажетті қолдау тетіктерін ұсынып отыр. Қаражат бөлінді, жағдай жасалды. Бәрінің дереу жұмысқа кірісуі қажет. Үкіметтің әрбір мүшесінен, әкімдерден нақты нәтижелер талап етіледі».

8. Отандық өнімді қолдау

«Тиісті меморандумдар бекіте отырып, қазақстандық камту жөніндегі форумдар өткізу тәжірибесін қайта жаңғырту керек. Барлық сауда желілерінде отандық тауарлар секциясы пайда болу үшін «Қазақстанда жасалған» акциясын бастаймыз. Облыс әкімдері мұны қадағалап отыруы керек. Барша азаматтарға осы күрделі жағдайда патриот болып, қазақстандық өнімді сатып алу жөнінде сөз арнаймыз».

9. ЕАЭО туралы

«Ресейде сұраныстың азаюы – Қазақстан экспортын әртараптандыру жұмысын күшейтуге ынталандырады. Сонымен қатар, арзандаған энергия ресурстары, құрамдас және қосалқы бөлшектер – өзге секторлар үшін игілік болып саналады. Өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін осы мүмкіндікті пайдалану керек».

10. Жанар-жағармайдың арзандауы

«Кәсіпкерлік сектор биыл қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте мұнай бағасының құлдырауы мұнай өнімдері құнының төмендеуіне әкеліп



соқтыруда, бұл экономиканың көптеген саласына және халықтың сатып алу қабілетіне оң ықпалын тигізетін болады. Көлік шығыстарының құны, АӨК өнімдерінің өзіндік құны, тұтынушылар үшін жанар-жағармайдың реттеліп отыратын түрлерінің бағасы төмендеуі тиіс».

11. Ипотекалық несиелер бойынша

«Бұл – инфляция деңгейінің жоғарылауына, валюта бағамының күрт ауытқуына жол бермеу, сондай-ақ экономиканың нақты секторын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету. Ұлттық банкке теңге ликвидтілігінің қосымша көлемін ұсыну жөнінде шара қабылдауды және ел экономикасын долларсыздандыру жұмысын жандандыруды тапсырамын. Проблемалы несиелердің ауыртпалығынан құтылып, банктердің несиелік жұмыс қабілетін қалпына келтіру керек және ипотекалық несиелер бойынша қарыздарды қайта құрылымдау мәселесін шешу қажет. Бұл тек осыған шынымен мұқтаждар үшін жасалады».

12. Мерейтойлар туралы

«Мен құрған комиссия қаражат жұмсалудың ашық болуын қатаң қадағалап, жеке өзіме баяндап отырады. Әрбір теңгеге деген сұраныс қатаң болады. Барлық деңгейдегі әкімдерге ерекше жауапкершілік жүктеледі. «Нұр Отан» партиясы бұл жұмысқа белсене атсалысып, қатаң партиялық қамқорлау орнатуы қажет. Ешқандай ысырапшылдыққа жол берілмеуге тиіс. Үкімет бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған шығындарды қысқарту мәселесін қарастырғаны жөн. Мерейтойларды және оған кететін бюджет қаражатын қысқарту керек».

13. Мемлекеттік қызметкерлер туралы

«Басқарудың барлық буындары, Президент Әкімшілігінен аудандық әкімдіктерге дейін, барлық министрліктер, ұлттық компаниялар шығындарды қысқарту мүмкіндігін қарастыруы қажет. Мемлекеттік қызметшілердің жұмысы мемлекеттің қаржысын таныстарының, достары мен туыстарының фирмаларына үлестіретін бизнеске айналмауға тиіс. Қазір ел азаматтары атқарушы биліктен нақты және тиімді жұмыс күтіп отыр. Үкіметтің әрбір мүшесінің, әрбір әкімнің міндеті – білек сыбанып жұмыс істеу. Сіздер үшін сын сағаты туды. Қаржыны игеру, жұмыс орындарын ашу талап етіледі, олай болмаған жағдайда, орынды босатқан жөн».

14. Ассамблеяның 20 жылдығы

«Биыл – Қазақстан халқы Ассамблеясы мен ҚР Конституциясының 20 жылдығы. Негізгі мақсатымыз тереңде жатыр. Халық арасында ынтымақ, бірлікті күшейтіп, теңдікті сақтау. Бейбітшілік пен келісім, халықтың бірлігі – Қазақстанның басты байлығы».

15. Қиындықтарды енсеру

«Сондықтан баршаны бюджетке өзгеріс енгізу жөніндегі мемлекеттік шешімнің мәнісін дұрыс түсінуге шақырамын. Бұл мәжбүрліктен туған, уақытша шара. Президент Әкімшілігі, Үкімет бірінғай жоспар бойынша жұртты толғандырып жүрген мәселелер жөнінде ұдайы мәлімет беріп тұрғаны жөн».

БАҚ беттерінен

Ауыл айнасы

«ЖАСӨСПІРІМ – КӨШЕ»

Шығыс Қазақстан облыстық Ішкі істер департаментінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 1-5-99/563-И жарлығын орындау барысында Бородулиха ауданының аумағында 13 – 15 ақпан аралығында «Жасөспірім-Көше» атты жедел алдын алу іс-шарасы өткізілді. Аудан аумағындағы аталған шараны аудандық Ішкі істер бөлімі ұйымдастырды. Жасөспірімдер қылмысын болдырмау және оның алдын алу, құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдер топтарын, наша және психотропты заттар қолданатын кәмелетке толмағандарды, аудан бойынша мектепке себепсіз келмей жүрген балаларды анықтау осы бағыттағы шаралардың негізгі мақсаттары болып табылады.

Үш күнге созылған «Жасөспірім-Көше» іс-шарасы кезінде түнгі уақыттарда ересектерсіз жалғыз жүретін жасөспірімдерді анықау бағытында жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар, алкогольдік және спирттік өнімдерді сату ережелерін бұзу фактілерін анықтау мақсатында рейдтер өткізілді. Түнгі уақытта ересек адамдардың жетегінсіз көңіл көтеру орындарында жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау бойынша аудан аумағында орналасқан барлық көңіл көтеру орындарына рейдтік тексерулер ұйымдастырылды.

«Жасөспірім-Көше» жедел алдын алу іс-шарасына мүдделі органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, қоғамдастық және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тартылды.

Бородулиха АІБ

БОРОДУЛИХА АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Харченко Сергей Робертович – комиссия төрағасы, 10.04.1968 ж.т., білімі жоғары, мамандығы – құқықтану. Хасанов Юрий Юрькович – комиссия төрағасының орынбасары, 27.09.1975 ж.т., білімі жоғары, мамандығы – экономист.

Мухаева Айтбүбе Рашидқызы – хатшы, 20.04.1964 ж.т., білімі жоғары, мамандығы – үнемдеу ұйымдастырушы. Комиссия мүшелері

Гальченко Сергей Григорьевич – 13.03.1958 ж.т., білімі жоғары, мамандығы – зоотехник.

Абдрахманов Руслан Марватжанович – 08.02.1980 ж.т., білімі жоғары, мамандығы – заңгер.

Дананова Орынтай Жәнісқызы – 20.05.1983 ж.т., білімі жоғары, мамандығы – инженер.

Конорбаев Эльдар Төлегенұлы – 28.04.1987 ж.т., білімі жоғары.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА 20 ЖЫЛ»



... Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.

2015 жылдың 6 ақпаны күні елімізде биылғы 2015 жылды Қазақстан Халқы Ассамблеясының жылы деп жариялау туралы салтанатты кеш өткізу жоспарланған. Осы айтулы күнге орай «Коростели орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.Сүлейменованың ұйымдастыруымен 5 «Б» сыныбында «Елім менің» тележобасы негізінде «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ-КЕҢ БАЙТАҚ ЖЕРІМ» атты ашық сайыс сабақ өткізілді. Сабақтың басты мақсаты оқушыларды қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу, халықтар достығын, қазақ халқының ұлтжандылығын дәріптеу, ұлтаралық келісімді насихаттау. Оқушыларды Елбасымыз Н.Назарбаевтың сындарлы саясатын іске асыруға талпындыру.

Сабақ ҚР Әнұранын орындаудан басталды. Экранда сабақтың мақсаты мен міндеттері, тапсырмалар реті көрсетілді. Сайыс төмендегідей асулардан тұрды:

- 1-асу: Қазақстан географиясы
- 2-асу: Қазақстан тарихы
- 3-асу: Қазақ әдебиеті



- 4-асу: Қазақ тілі
- 5-асу: Қорытынды

Оқушылар осы асуларда берілген тапсырмалар бойынша өз білімдерін көрсете білді. Әсіресе Әділбек Мұратұлы, Сабина Гуданова, Даниал Тлеугазинов, Костя Ворончихин, Ильнур Нурбековтердің жауаптары толық және көңілге қонымды болды. Сабақтың соңында мұғалім оқушылардың назарын төмендегідей мәліметке аударды. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық мемлекетінің нығайып көркеюі жолында жан теріңді аянбай жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екенінді ұмытпа», - деген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық 20 сессиясындағы «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты «Қазақстан - 2050» Стратегиясында. Кезінде тағдырдың жазуымен

қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді. Өзіміз тұратын Бақы селолық округінде де тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде біздің елге келген басқа ұлт өкілдері – азербайжандар, шешендер, мордвалар, украиндықтар, орыстар, өзбектер еңбек етті, Қазақстанның гүлденуіне өз үлестерін қосты. Бүгінде олар тату-тәтті тұрып жатыр, мектебімізде де көп ұлттың балалары оқиды. Біздің басты құндылығымыз – ол біздің достығымыз, татулығымыз, туысқандығымыз, бауырмалдығымыз. Елбасымыз, Ұлт Көшбасшысы баса қадап айтқандай «Біздің бұл дүниеде бір ғана Отанымыз бар. Ол – тәуелсіз Қазақстан». Осы сөздерді мәңгі естен шығармайық, балалар!

С.СҮЛЕЙМЕНОВА, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 26 жыл өтсе де, сол кездегі жауынгерлер бүгінгі бейбіт өмірдің еңбеккерлері соғыс жарасынан айыға алмай келеді. 1979 жылы желтоқсан айында Кеңес үкіметінің ұйғаруымен Ауғанстан жеріне Кеңес әскерлерін енгізу туралы шешім қабылданды. Тарих жылнамасында өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орын алған зұлматтың бірі-ауған соғысы елі. Статистикаға жүгінсек, -Ауған жеріне 23.000 жерлестеріміз аттанып, борышын атқарған. 761-жауынгер қаза тауып, қазақ жеріне жерленді.

26-жауынгер із-түссіз жоғалған. 1000-нан аса жас жауынгерлер мүгедек болып қалған.

1000-нан астам жауынгер өз жеріне оралып, алған түрлі жарақаттарының кесірінен ауырып қаза болды. Өйткені, бұл соғыста өрімдей жас жігіттер жазықсыздан-жазықсыз құрбан болды. Бүгінгі жастар сол кездегі жігіттердің Отан алдындағы борышын адал орындағандарын ұқсын, олардың патриоттық сезімінен тағылым алсын деген мақсатпен Бородулиха ауданында да мектептер мен кітапханаларда жыл сайын түрлі деңгейдегі көрмелер, әдеби кештер, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, көз көргендермен кездесулер өткізіп тұру әдетке айналған.

Өскемен ұрпаққа соғыстың қасірет екенін, бүгінгі тәуелсіз күндерін бағалауға үйрету басты мақсат. Осы орайда 13 ақпанда аудандық



кітапханада «Ауғанның от-жалыны» атты әдеби-сазды кеш өтті. Қонаққа қазақ орта мектебінің оқушылары мен жауынгер-интернационалист Асанов Ержан Рымқанұлы шақырылды. Кеудесіне ордені және медалі тағылған, самайын ақ шаш шалған ардагерге оқушылар құрметпен қарады. Ол бүгінгі таңда Бородулихадағы өрт сөндірушілер мекемесінде көп жылдар бойы еселі еңбек етіп келеді. Жанұясында жұбайы Қамажаймен 2 қыз тірбиелеп, немерелерінің де қызығын көріп отыр. Мерекені жүргізген орталық кітапхана қызметкерлері А.Абенаева мен Н.Салимов, М.Стародубцевалар

сол сұрапыл соғыстың қиын қыстау кезеңін және қаза тапқан батыр-ер жерлестеріміз жайлы әңгімелер айтты. Іс-шарада слайд көрсетілімдерімен «Ауған сынығы», «Ауғанстан» - атты деректі фильмдер көрсетілді. Қонақтар «Ауған соғысы жаңғырығы» - атты кітап көрмесімен танысты. 18 жасында Аягөз қаласында әскери борышын өтеуге барған жас жігіт Ержан Рымқанұлы Асанов ауған жеріндегі өткерген әскери борышы жайында және де ауған соғысы қалай басталғаны, әскери өмірге қалай бейімделгендері туралы

оқушыларға қызықты әңгімелеп, балалар қойған сұрақтарға жауап берді. Кездесудің мақсаты - оқушыларға қажетсіз соғыстың қасіреті жайлы мағлұмат беру. Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу арқылы сол соғыс жайлы кеңінен мәлімет алу. Оқушыларды ерлікке, ұлт жандылыққа, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу болып табылады.

Кездесу барысында барлық қатысушыларға «Азала кітап»-атты кітап презентациясы ұсынылды. «Азала кітап» (1979-1989 ж.ж)

майдангерлерімен және жергілікті жауынгерлерден» - алынған мәліметтер бойынша жасалған. Бұл Азала кітаптың шығуы, оқырмандардың отанға деген патриоттық сезімін шынайы түрде сезінуіне үмітіміз зор. Жерлестеріміздің ерлік-батырлықтарын айта отырсақ, біз келешек ұрпаққа мұрагерлік жолмен тәрбие қалдырамыз. Қатысушылар қаза болғандарды үнсіздікпен еске алды. Мереке соңында аудандық кітапхана директоры Т.Бычковская қонаққа келген Ержан Рымқанұлына алғысын айтып сөстелік сыйлығын



шығарылым барысында Өскемен қаласының қоғамдық бірлестігі «Өскемен қаласындағы Ауған соғысының майдангерлер ұйымы» мен «Семей қаласының Ауған соғысының

ұсынды. Осындай кездесулер жас ұрпақтар үшін өткізіледі, олар тарихты жетік біліп, Отанымыздың сенімді қорғаушысы болары сөзсіз.

М. БАЛАБАЙҚЫЗЫ

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ: Қасым хан



(Басы өткен нөмірде)
Әзірлеген: Ә. СҰЛТАНОВ

Қазақ хандығы бұған наразылық білдіріп, қыс мезгіліне қарамастан, Сығанақ пен Сауран төңірегіндегі шайбанилықтарға сокқы береді. Қасым хан басшылық еткен қазақ әскерлері осы қалалар маңында шайбанилықтарды талқандап, қашуға мәжбүр етеді. Бұл шайқаста Қасым ханның бауырлары: Махмұт, Жиренше, Қамбар сұлтандар бастаған жасақтар ерлігімен көзге түседі. Мұхаммед Шайбани хан болса өзінің атақты сұлтаны мен баһадүрінен айырылады. 1471/72 жылғы ұрыс Қазақ хандығы үшін өте нәтижелі аяқталды. Сыр өңірінен қарсылас жау қуылды және аймақтың солтүстік және солтүстік батысындағы Созақ, Сауран және Сығанақ аймақтары Қазақ хандығының құрамына өтеді.

Кезіндегі Ақсақ Темірге арқа сүйеген Ақ Ордаға қарсы күрескен Тоқтамыс хан секілді Мұхаммед Шайбани хан да Мауреннахрдағы Ақсақ Темір ұрпақтарынан әскери жәрдем алып, Қазақ хандығына XV ғасыр соңында бірнеше рет күрес жүргізеді. Шайбани ханның екінші рет Сыр өңіріне келуі 1480-ші жылдарда болды. Бұл жолы да Қазақ хандығы оған тойтарыс береді және Сыр өңірінің қалған бөліктеріне ықпалын күшейте түседі. Бұл жолғы күресте Қасым мен оның інілері қол бастап, жауын тағы да қашуға мәжбүр еткізеді.

Күрестің үшінші кезеңі XV ғасырдың 93-96 жылдары етті. Бұл Қазақ хандығы үшін ауыр кезең болды. Күреске Мауреннахр билеушілерімен қатар Моғолстан ханы Сұлтан Махмұт хан да араласып, Мұхаммед Шайбани ханға әскери көмек береді. Екіншіден, Қазақ хандығының Сыр өңірін толығымен қайтарудың соңғы кезеңінде билеуші топтар арасында қайшылық туып, екі топ пайда болады. Бірін — Бұрындық, екіншісін — Қасым және Жәнібек ханның өзге ұлдары құрайды.

Қайшылық — Жәнібек хан ұлдарының Сыр өңірінде жаңа ұлыстарды иеленуіне, соның салдары — олардың күшейісе бастауына байланысты туындады. Болашақта өз билігіне қауіп төнетінін сезген Бұрындық енді Жәнібек хан ұлдарын әлсірету мақсатымен кешегі жауы — Мұхаммед Шайбани ханмен жақындаса бастайды. Және де шайбанилық сұлтанның Сыр өңірінде бекінуіне, бірнеше қаланы иеленуіне рұқсат етіледі. Бұрындықтың бұл әрекеті — Қасым хан тобының Сыр бойын толық иеленуіне мүмкіндік бергізбеуге және қажет болса, кешегі жаумен Жәнібек хан ұлдарына қарсы одақтасуға жасаған бағыты болды.

Қасым сұлтан қалыптасқан қиын жағдайдан оңай шығады. Өз кезегінде ол Бұрындық пен Шайбани хан одағына қарсы моғол ханымен одақ құрып, қарсы шаралар әзірлейді. Сөйтіп, 1496 жылы Сыр өңірі үшін күрестің алғашқы дәуірі аяқталып, Қазақ хандығы Қасым және оның жақтаушылары арқасында Сыр өңірінің солтүстік бөлігін иемденеді.

Егер XV ғасырдың 70-80-ші жылдары Қасым үнемі Бұрындық ханның жанында жүріп, «оған бағынып, бұйрықтарын орындап жүрсе», сол ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап, одан алшақтай бастайды. Қалыптасқан саяси жағдай және оның одан әрі дамуы Бұрындық

пен Қасым арасын күннен-күнге салқындата түседі.

XV ғасырдың соңғы жылдарында Қасымның әскери қолбасшылық қасиетімен қатар, мемлекет қайраткері ретіндегі шебер дипломат ретіндегі қыр-лары айқындала түседі. Бұған дәлел ретінде, Қасымның жеке бастық мүддесінен гөрі мемлекеттілік мүддесін артық қоюы және осы соңғы мүддеге сай іс-әрекет жасап, шешім қабылдауы, оны жүзеге асыруы жатады.

Қасым ханның қазақ халқы алдында, қазақ мемлекеттілігін нығайтуда сіңірген еңбектерінің бірі — XV ғасыр соңында Сыр өңірінің біртіндеп қазақ халқының этникалық территориясына ене бастауы болды. Ал XVI ғасыр басындағы ханның аса бір рөлі — қазақ жеріне басқыншы болып келген Мұхаммед Шайбани хан әскерін тас-талқан етіп жеңуден керінді.

1496 жылы Бұрындық ханмен одақтасу арқылы Сыр өңірінің бір шетіне табан тіреген Шайбани хан, Мауреннахрдағы саяси бытыраңқылықты ұтымды пайдалана отырып, 1500 жылы Самарқан тағына отырады. Және де 1500-1504 жылдары Орта Азияның бірталай аймақтарын бағындырып қуатты мемлекет құрады. Бірақ солтүстікте Қазақ хандығының болуы оған үнемі қауіп төндіреді. Сондықтан да Шайбани хан XVI ғасырдың басында Қазақ хандығын өзіне бағындыруды басты мәселе етіп қояды. Шайбанилық сұлтанның бірі, кейіннен хан болған Убайдуллах XVI ғасыр басындағы қазақтармен соғыс туралы мәселеде «біздің бүкіл мұсылман әлемін жаулаудағы алғашқа қадамымыз қазақтарды бағындырудан басталады», - деп жариялайды. Бұл- 1509 жылы айтылған сөз.

Орта Азия билеушісі XVI ғасыр басында алдымен қазақтарды экономикалық тәуелділікте ұстау үшін 1505 жылы жарлық шығарады. Жарлықтарда қазақтармен толық сауда-айырбасты тоқтату жөнінде айтылады. Және де Орта Азияда жүрген қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық береді. Бірақ бұл шара оған оң нәтиже бергізбейді, керісінше Қазақ хандығы тарапынан қарсы әрекеттер туғызады. Шайбани хан өз әрекетін оң көрсету үшін мауреннахрлық дін басыларына қазақтарды «діңсіздер» деп жариялапқызып, күреске Орта Азияның бүкіл мұсылмандарын жұмылдырады.

Сөйтіп, ол 1505 — 1509 жылдар аралығында Қазақ хандығына қарсы үш рет жорық ұйымдастырды. Бұл үш жорық Шайбани хан үшін біршама табысты аяқталды. Сыр өңіріндегі қазақ сұлтандарының ұлыстары талқандалып мыңдаған мал мен жан олжаға түсіріледі. Талқандалған ұлыстардың бәрі Жәнібек хан ұлдарының ұлыстары болатын. 1509 жылдың қысында болған үшінші жорық кезінде Бұрындық хан жау шабуылын біле тұра, Жәнібек хан ұлдарына ешқандай көмек бермейді. Керісінше, өз басын аман сақтап, ұлысымен шегініп кетеді. Ханның бұл әрекеті бүкіл қазақ қоғамында оның беделін төмендетеді. Осы кезден бастап барлық күштер Қасым ханның төңірегінде топтаса бастайды. Өйткені Шайбани хан алғашқы үш жорықта қазақ елін бағындыруды мақсат еткенімен оған жете қоймаған еді. Сондықтан да болашақта түпкі мақсатқа жету үшін әлі де болса жорықтар болу қауіпі болатын. Міне, осы тұста сыртқы жауға тойтарыс бере алатын және бүкіл қазақ елін соған жұмылдыра алатын жалғыз тұлға — Қасым хан еді. Сыр өңірі үшін болған күрестерде жинақталған тәжірибе мен атақ-абырой, қолбасшылық пен ұлыс билеушілік дәреже, хан әулетінің өкілі болуы — Қасым ханды қиын-қыстау жағдайда қазақ елінің ең ірі мемлекет қайраткеріне айналдырады.

Мұны сол кездегі тарихшылар да аңғарған. Мысалы, Мұхаммед Хайдар мырза Дулати: «Қасым ханның күшінің өскендігі соншалықты, Бұрындық хан туралы ешкім де ойламады», және «хандықты басқару мен ондағы бүкіл билікті қолына алды», - деп жазады.

Шайбани ханның келесі жорықтарынан хабардар болған Қасым хан оған алдын-ала әзірленеді. 1510 жылғы Шайбани ханның осы жорығында Қасым хан өз Ордасын ішкері қарай, Ұлытау маңына қондырады. Және де Ордада аз күш қалдырып, негізгі күшін кейін шегіндіреді. Оңай жеңіске масаттанған жау қаннен — қаперсіз бірнеше күн бойы Ордада тойлайды. Осы тұста Қасым хан батырларын қарсы шабуылға шығарады. Қазақтардан мұндай қарсы әрекетті күтпеген жау әскері ешқандай қарсылық көрсете алмай, бас-сауғалап қашуға мәжбүр болады. Қазақтар жауын Ұлытаудан Сыр өңіріне дейін қуып, Сығанақ түбінде тас-талқан етеді. Шайбани хан әскерінің қалдықтары деректерде жазылғандай, қорыққанынан арттарына қарауға мұршасы келмей, Самарқанға дейін ешбір жеңілістің дәмін татпаған Шайбани хан әскері Қасым хан әскерінен 1510 жылдың қысы мен көктемінде осылай жеңіледі.

Орта Азия билеушісінің бұл жеңілісін сол тұстағы тарихшы Балхи былай деп бағалайды: «Бір сөзбен айтқанда, Шайбани ханның үлесіне ірі жеңіліс тиді. Өзінің ең шырқау биігіне жеткен оның билігі енді құлдырай бастады». Көріп отырғанымыздай, Қасым хан тек қазақ елін құтқарып қана қойған жоқ, қарсыласы Шайбанидың белін үзіп, омыртқасын опырғандай сокқы береді. Орны келгенде айта кетелік, Қасым ханнан жеңілгеннен соң Шайбани хан өшін айналасындағы сұлтандардан алып олардың иеліктерінің бәрін өзгертеді. Өз кезегінде сұлтандар бұған наразы болып, іштей қарсылық білдіреді, бірақ бірден сыртқа шығара алмайды. Сол жылы оның Бадахшанның таулы тайпаларына жасаған жорығы сәтсіз аяқталады. Күзде Мерв қаласында Иран шахы Исмайл шах әскерінің қоршауында қалғанда қарамағындағы бірде-бір сұлтанның көмек келмейді. Сөйтіп 1510 жылы күз айында ол қоршауда қаза табады, ал бірнеше жыл бойы орта Азияда саяси бытыраңқылық жайлайды. Міне, Қасым ханнан жеңілген Мұхаммед Шайбани ханның тағдыры және ол құрған мемлекеттің тағдыры осылай аяқталады.

Қасым ханның Шайбани ханды жеңуі оның рөлін одан әрі өсіреді, сонымен бірге ол билеген Қазақ хандығының халықаралық жағдайы арта түседі. Жалпы алғанда, Шайбани хан жорықтарына қарсы күресі, оны талқандауы- Қасым ханның қазақ халқы алдында сіңірген тағы да бір еңбегінің бірі. Қазақ жұрты алдында беделінің жоғалғандығын көрген Бұрындық 1511 жылы Мауреннахрға кетеді. Ешбір деректе жазылмаса да, осы жылдан бастап Қасым ханның ресми хандық дәуірі басталады.

Қасым хан Қазақ хандығында 10 жыл (1511- 1521 жж) отырды. Қазақ халқы үшін ол осы 10 жыл ішінде бірнеше хан ұрпағы атқаратын іс атқарып кетті. Ол хандық құрған жылдар ішінде қазақ елін, қазақ жұртын іргесіндегі көршіден алыстағы Еуропа халқына дейін танып біледі.

1510-1513 жж Шайбани хан өлгеннен кейін, орта Азияда саяси бытыраңқылық белең алып, Сыр өңірінде оның ықпалы әлсірейді. Сондай-ақ Жетісу мен Шығыс Түркістанда бір жарым ғасырдан астам өмір сүрген Моғолстан мемлекеті ыдырайды.

(жалғасы келесі нөмірде)

Денсаулық пен спорт фестивалі

"ӘРҚАШАН МЫҚТЫ, САЛАУАТТЫ БОЛ!"

(Басы 1-ші бетте)

Денсаулық фестивалінің ашылу салтанатына спортшылар сап түзеді. Әнұран шырқалып, құттықтау сөз аудан әкімі Г. Акуловқа берілді.

Ол өз сөзінде жиналғандарды денсаулық мерекесімен құттықтап, оларға денсаулық, мерекелік көңіл-күй, жеңіс тіледі..

Жұртшылықтың асыға күтіп жүрген спорт жарыстары да баста-



лып кетті. Фестивальға көптеген ұжымдар белсене қатысқанын айта кеткен де ләзім. Қапшықпен жүгіру, шаңғы эстафетасы, шамамен сырғанау, ұзындыққа сырғанау сайыстарында спортшылар шеберліктің сан үлгісін көрсетті.

Жарыс қызықты өтті. Жеңген де, жеңілген де риза. Қысқасы, бұл күні спорт пен денсаулық жеңді. Шаттана күлісіп, жүздері жайнаған спортшылар ерекше күш-жігер алып, қуанышқа кенелді. Міне, сайыс та аяқталды. Шаңғы жарысында бірінші орынды Переменовка, екінші Бородулиха, үшінші орынды Степной ауылдық округінің



спортшылары алып, өз шеберліктерін көрсетті. Бүгінгі мерекемен жігерленген, қуаттанған жерлестеріміздің бұдан әрі де спортпен серіктестігі баянды болар деген ойда қалдық. Спорт-денсаулықтың, сергектіктің, шаттықтың кепілі деген осы екен. Мерекеге жастар да, балалар да, үлкендер де қатысып жақсы көңіл-күймен тарады.

Міне, бүгінгі фестиваль сол ұмтылыстың қозғаушы күшіндей әсер



қалдырды. Қай команданы алсақ та таныс тұлға, белгілі жандар. Мереке соңында барлық жеңімпаздарға мақтау қағаздары мен сый сияпаттар табысталып, фестиваль өз мәресіне жетті.

М. АТАЕВА

ЖҰРТ НАЗАРЫНА

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ ХАБАРЛАЙДЫ!

«СОТ КАБИНЕТІ»

Құрметті Бородулиха ауданының тұрғындары, егер Сіздер сотқа талап арыз бергілеріңіз келсе, онда Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінініз. Электронды-санды қолтаңба болса және «Сот кабинетінде» тіркелген болсаңыз, Сіз келесі 4 қызмет түрінің бірін таңдай аласыз:

1. Талап арыз беру;
2. Сот отырысының хаттамасына өтініш-ескерту беру;
3. Электронды жүгінім беру;
4. Хаттаманың көшірмесін алуға арналған өтініш беру.

Көрсетілетін қызметтің нәтижесі: азаматтық істің нөмірі мен соттың атауы көрсетіле отырып, талап арыздың қабылданғаны туралы хабарлама немесе қабылдаудан бас тарту туралы себебі көрсетілген жауап аласыз.

«БАЛАНЫҢ ТУУЫНА АРНАЛҒАН ЖӘНЕ БАЛАНЫ КҮТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖӨРДЕМАҚЫЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ»

Бұл мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан азаматтарына, сондай-ақ баланың тууына арналған және баланы күту жөніндегі жәрдемақыларды алуға құқығы бар оралмандарға көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті алу үшін келесі құжаттар тапсырылады:

1. Жәрдемақы тағайындауға арналған өтініш;
2. Баланың тууы туралы куәлік (барлық балаларға);
3. Жәрдемақы алушының жекебас куәлігі;
4. Жәрдемақы алушының тұрғылықты мекен-жайын растайтын құжат;
5. Екінші деңгейдегі банкте жеке есеп-шоты барлығын растайтын құжат.

«ХҚКО АРҚЫЛЫ АБОНЕНТТІК ТӨЛЕМ ЖАСАУ»

Құрметті Бородулиха ауданының тұрғындары, Халыққа қызмет көрсету орталығы егер Сізде Халық банктің карточкасы болса, онда электронды үкімет порталы арқылы 0 пайыздық комиссиямен абоненттік төлемдер жасауды ұсынады.

«ТУУ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ КУӘЛІК»

Халыққа қызмет көрсету орталығының Бородулиха аудандық бөлімі аудан тұрғындарына тууы туралы алғашқы куәлік беру мемлекеттік қызметін ұсынады. Бұл үшін ХҚКО-ға келгенде келесі құжаттарыңыз болса болды:

1. Ата-аналарының жекебас куәліктері (көшірме+түпнұсқа);
2. Некеге тұру туралы куәлік (көшірме+түпнұсқа);
3. Ата-аналарына арналған мекен-жай анықтамалары;
4. Дәрігерлік анықтама (түпнұсқа).

Бұл қызмет тегін көрсетіледі. 3 жұмыс күнінің ішінде атқарылады.

«ҚАЙТЫС БОЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ КУӘЛІК»

Халыққа қызмет көрсету орталығының Бородулиха аудандық бөлімі аудан тұрғындарына қайтыс болғандығы туралы алғашқы куәлік беру мемлекеттік қызметін ұсынады. Бұл үшін ХҚКО-ға келгенде келесі құжаттарыңыз болса болды:

1. Қайтыс болғандығы туралы дәрігерлік анықтама (түпнұсқа);
 2. Қайтыс болған адамның жекебас куәлігі (түпнұсқа);
 3. Өтініш берушінің жекебас куәлігі (көшірме+түпнұсқа).
- Бұл қызмет тегін көрсетіледі. 2 жұмыс күнінің ішінде атқарылады.

З.МАНАСПАЕВА,
операция залының басшысы

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ!

Бизнесті мемлекеттік тіркеу Сіз үшін мемлекеттік қолдау алу үшін мүмкіндік және Сіздің құқығыңызды және мүддеңізді мемлекеттік деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді. Тұрақты негізде жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланатын және (немесес) ауыл шаруашылығы өнімін сауда базарларының аумағында өткізетін және (немесес) 2015 жылғы қызметтен түсетін табыс 256 368 теңгеден асатын кезде «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңымен мемлекеттік тіркеусіз қызметті жүзеге асыруға тиым салынады. Дара кәсіпкер ретінде тіркеу мемлекеттік кіріс органдарына келу тәртібімен берілген салық өтінішінің немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы электрондық түрде берілген салық өтінішінің негізінде жүргізіледі.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Мемлекеттік тіркеусіз кәсіпкерлік қызмет **ӘҚБК 269-бабымен** айқындалған, әкімшілік жауапкершілікке соқтырады.

Бір жыл ішінде қайталанған кезде салынатын айыппұл көлемі **15 856-дан 29 730 теңгеге** құрайды.

Мемлекеттік тіркеусіз кәсіпкерлік қызметпен айналысудың барлық фактісі бойынша мемлекеттік кіріс органдарына хабарлаңыздар.

БАРШАҢЫЗҒА! БАРШАҢЫЗҒА! БАРШАҢЫЗҒА!

Кім тауарды сауда автоматтарында сатып алғысы және (немесе) қызметтерді терминал көмегі арқылы төлеу қызметін пайдаланғысы келсе

ЕСТЕРІҢІЗГЕ САЛАМЫЗ

Сауда автоматтардың және қызметтерді төлеу терминалдардың бақылау чегінде келесі реквизиттер болу керек:

- 1) салық төлеушінің атауы және оның сәйкестендіру нөмірі;
- 2) БКМ зауыттық нөмірі және оның салық органындағы тіркелген нөмірі;
- 3) чектің рет нөмірі;
- 4) сатып алудың күні және уақыты;
- 5) сатып алудың сомасы және (немесе) тауардың бағасы;
- 8) фискальдың белгісі.

*Сауда автоматтарымен және (немесе) терминалдармен БКМ бақылау чегін бермеу және ол көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу – аталған факт **БКМ қолдану тәртібін бұзу болып табылады.***

*ӘҚБК 284-бабымен әкімшілік жауапкершілік көзделінген. Кәсіпкерлерге салынатын айыппұл көлемі бір жыл ішінде қайталанған кезде **39 640-дан 79 280 теңгеге дейін** жетуі мүмкін.*

Сауда автоматтарымен және (немесе) терминалдармен БКМ бақылау чегін бермеген барлық фактілер бойынша немесе ол көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

*Петропавловка ауылының тұрғыны, ауылымыздың бас дәрігері, **Әбділова Жанар Бейсенқызын 46 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз. Жұмысына табыс, денсаулық, отбасына амандық тілейміз.***

Құтты болсын туған күн мерекеніз,

Еңбекпен қол жеткізген берекеңіз.

Тілеріміз: денсаулық, ұзақ құмыр,

Сізге қарап жақсымен теңесеміз.

Ізгі тілекпен: Петропавловка ауылдық округі әкімінің аппараты, ардагерлер кеңесі, әйелдер кеңесі

ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ-ЖАУЫНГЕРЛЕРМЕН ЕРЛІК САБАҒЫ

Интернационалист-жауынгерлер өздерінің әскери борыштарын абыроймен өтеп, үйлеріне оралған күндер артта қалып барады. Міне осымен кеңес әскерін Ауғаныстаннан шығарғаннан бастап 26 жыл өтті. Осындай маңызды оқиғаларды естен шығармау біздің борышымыз.



Новопокровка ауылдық округінде екі мектептің 10 сынып оқушылары үшін ауған жауынгерлерімен дәстүрлі ерлік сабағы өтті. Кездесуге интернационалист-жауынгерлер С.Мукушев, Р.Ахунжановтармен интернационалист-жауынгер А.Сайфутдиновтың анасы К.Сайфутдинова шақырылды.

Ауылдық кітапхананың кітапханашысы іс-шараны «Ауған төңкерісі» видео роликтің көрсетілімімен бастады. Ауған соғысының не екендігін ұғу үшін, кеңес солдаттары қандай ерлік пен бағырлық көрсетіп, олардың басына қандай қиын сынақтар түскендігін балаларға ардагерлер кеңесінің төрағасы Н.Яровой әңгімелеп берді. Оның әңгімесі «Ауғаныстан – есте сақтау үшін», «Интернационалист-жауынгерлердің отбасылық суреттері» слайдтарының көрсетілімімен жалғасты.

С.Мукушев өз еркімен Ауғаныстанға түскендігін, неше жаста болғандығын әңгімелеп берді. Сол алыс және таныс емес елде, олардың дәстүрлері мен қиын ауа-райлары туралы, душпандардың шабуылы уақытында балалар мен әйелдерге рақымсыз көзқарастар туралы әңгімеледі. Барлық кеңес солдаттары ұлттарына қарамастан достық қарым-қатынаста болғандарына оқушылардың назарын аударды. Жергілікті бейбіт тұрғындарға көмек көрсетіп, олармен өздерінің тамақтарымен бөлісті.

Ана Сайфутдинова Клара Бариевнаға ұлы Ануарбек Шавкатович туралы еске алу өте қиын және ауыр болды. Ол Ауғаныстанға 18 жасында қызмет етуге келді. Өзінің үйге жазған хаттарында ол Ауғаныстанда шын мәнінде болып жатқан оқиғалар туралы ештеңе жазбаған. Әскери жараланудан кейін үйге келгенде ұзақ уақыт тыныш ұйықтай алмады, әдетпенен жан жағына қорқынышпен қарап жүрген. Оның жараланудан кейін үйде қалуына мүмкіндігі болды, бірақ оны сонда да өзінің қызметтес достарына тартып тұрды, себебі ол оларға Ауғаныстанда қалай қиын екендігін біліп жүрді. Ол өмірден жастай кетті, оған осы соғыстың зардаптары өз әсерін тигізді. Бірақ оны отбасының барлық мүшелері және ауылдастар бір күнге де естен шығармайды.

Клара Бариевнаның басқа ұлымен, мақтанышқа тұрарлық немерелері бар. Сайфутдинов Тимур және Шавкат осы кездесуде «Всего лишь час до вылета нам дан...» және «Здесь, в далекой стране...» өлеңдерін оқып берді. Абырой және отаншылдық сезіммен олар ауған соғысының дауысын жеткізе алды.

«Славянка» этномәдени бірлестігі мен «Ажар» мәдени орталығы концерттік бағдарламаларымен сахнаға шықты.

Округ әкімі Т.Жаймұхамедов жас ұрпақ үшін осындай кездесулердің маңыздылығын атап өтті. Біз жерлестердің, интернационалист-жауынгерлердің батырлығы мен отаншылдығын көрсете отырып, ұрпақтың мұрагерлігін тәрбиелейміз.

Т. ПОУХОВА, ауылдық кітапхананың кітапханашысы

«Аудан тынысы» - «Пульс района» ЖШС басқарушы органы «ШҚО ішкі саясат басқармасы» ММ болып табылады	Директор-бас редактор Екатерина БОЙЧЕНКО	Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.
Газет ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пульс района» газеттерінің тіркеу туралы N 12375-Г куәлігі (05.03.2012) берілген	Директор-бас редактордың орынбасары, Мейрамгүл АТАЕВА E-mail: borodulihapuls@mail.ru	Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69 Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5790 Таралымы 4010 оның ішінде «Аудан тынысы»880
		Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен к., Космическая 6/3 Көлемі 2 баспа табақ